

# Тарихы мерен, білімі биік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихы сондай 1934 жылдан бастау алды. Бүгіндегі оку орынын құрылғанына 80 жылдан астам уақыт өтті. Осы кезең аралығында университетте көптеген факультеттер ашылды. Атап айтар болсак, география және табиғатты пайдалану, биология және биотехнология, физика-техникалық, механика-математика, химия және химиялық технология, филология және әлем тілдері, журналистика, тарих, археология және этнология, философия және саясаттану, экономика және бизнес, зан, шығыстану, халықаралық қатынастар, жоғары оку орыннаң дейінгі білім беру, медициналық факультеттер осы сала бойынша жас мамандарды даярлады, қанаттаңдырып ұшырды. Сондай-ақ, университетте 40 кафедра, 8 жаратылыстану ғылыми бағытындағы инженерлік бейінді зертхана, 10 жаратылыстану-техникалық, 17 әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, зерттеу лабораториялары, 135 ғылыми үйріме, 14 бизнес инкубатор жұмыс істейді.

Елбасымыздың колдауымен университеттің аймағындағы ғылыми кітапхананың ашылуы және оның жаңа технологияларымен жабдықталуы ізденіс үстінде жүрген студенттерге көп көмек. Сонымен қатар жаңа формациядағы университеттің құру мақсатында ұлы ойшыл әл-Фарабидің ізгілікті қала туралы ілімі негізге ала отырып «Al-Farabi university – smart city» жобасының іске асырылуы, «Керемет» студенттерге бір терезелі қызмет көрсету орталығы және медицина-диагностика орталығының ашылуы тың бастама болды. Бұл жерде жастар өздеріне қажетті барлық ақпаратты және құжаттарды рәсімдей алады және студенттер орталығында денсаулықтарын тексеруге мүмкіндігі бар. Бұл инфракұрылымды дамытып, жаңа информациялық технологияларды енгізу арқылы болашақ жастардың, ертеңгі күні осындай

салуатты идеяларды мемлекетке экелу үшін қолға алынған іс.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті Алатаудың баурайында, Есентай езенінің сағасында, алқабы 90 гектар жерді алып жатқан аумақта орналасқан. Университетте Ә. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, мұражай, спорт аландары, жаттығу кешендері, кітапхана, жаттакханалар орналасқан. Бір сөзben айтқанда, білім алуға ынтық студенттер үшін қолайлы жағдай жасалған. Әл-Фараби мұражайынан ғұлама бабамыздың қалдырған мол мұрасын көруге болады.

Жастардың бойына мәдени құндылықтарды сініріп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге айрықша көніл бөлінеді. Осы орайда отансүйгіштікке, салуатты өмір салтын ұстануға, табиғатты аялауға, ұлттық салт-дәстүрді насиҳаттауға бағытталған іс-шаралар өтіп тұрады.

Университет аясында «Грин Кампус», «Салаудты өмір салты», «Айналаны нұрландыр», «100 кітап» атты астары терен жобалар орындалуда. Елбасымыздың айтқандай: «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» болғандықтан, ғаламдану үдерісінен қалмай, дамыған елдермен иық тәсестіру үшін ғылым мен білімнің жана технологияларға кол жеткізуі маңызды болып саналады. Соның деректерге сүйенсек, QS World University Ranking саралтамасы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттінің рейтингінің 236-шы орынға көтерілді. Әлемнің 300 үздік университеттінің катарында тұрғандығы – ел Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 даму бағытындағы» қойылған талаптарын орындаудағы айқын көрініс. Эрине, мемлекеттің мұндай инновациялық бағыт тудырған, мемлекеттің мұддесіне жұмысалған күш біріншіден, Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында, екіншіден, университет басшысы, академик Фалымқайыр Мұттановтың жетекшілігімен және еңбек ұжымының біртұтастығымен, іскерлігінің арқасында жеткен игі жетістіктер.

**Тілеугабыл АБАЙДЕЛЬДИНОВ**  
жетекші мұғалім, заң  
ғылыминың кандидаты, доцент  
**Қайрат ӘЛІМЖАН**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті заң факультетінің  
2-курс магистранты